



IV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖАДЫРА, ЖАС ДАРЫН!» ФЕСТИВАЛЬ-КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

«Жадыра, жас дарын!» Қоғамдық қоры
Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
Атырау облысы әкімдігі мен Атырау облысы Білім беру басқармасының қолдауымен
көкірегінде өнерге деген оты бар, сахна төрінен орын алсам дейтін
жас дарындарды, атап айтсақ,
жас әншілерді, бишілерді, музыка аспаптарында орындаушылар мен көркем сөз оқу шеберлерін
IV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖАДЫРА, ЖАС ДАРЫН!» ФЕСТИВАЛЬ-КОНКУРСЫНДА
бақ сынауға шақырады.

Фестиваль-конкурстың ұйымдастырушысы: «Жадыра, жас дарын!» Қоғамдық қоры
Өтетін орны: Атырау қаласы, Д.Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы,
Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы
Өтетін күндері: 31 наурыз - 2 сәуір 2018 жыл
Өтініштер наурыздың 20-на дейін қабылданады

Фестиваль-конкурстың мақсаттары:

- **Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** мақаласында, соның ішінде білім саласында айқындалған идеяларды жүзеге асыру: бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу;
- Қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.
- Дарынды жастардың әлеуетін толыққанды ашу.
- Шынайы бәсекелік сезімдерін ояту.
- Өнер ұжымдары мен сайыскерлер арасында өзара шығармашылық қарым-қатынас орнатуға дәнекер болу.
- Өр түрлі өнер ұжымдарының шығармашылық қабілеттерін бағалау.
- Шығармашылық ізденістегі оқытушыларды марапаттау, көтермелеу.
- Озық шығармашылық топтар мен қатынасшыларды жарнамалау.
- Жастарды өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу.
- Халқымыздың төл өнерін насихаттау.

Фестиваль-конкурс төмендегі номинациялар бойынша өтеді:

1. Аспаптық музыка (жеке немесе ансамбль):

- **ұлт аспаптар** (домбыра, қобыз, баян, домра-прима, т.б.)
- **классикалық аспаптар** (арнайы фортепиано, жалпы фортепиано, скрипка, гобой, флейта, т.б.)

2. Вокал (жеке әнші, вокалдық ансамбль, хор)

- **эстрадалық вокал**
- **академиялық вокал**
- **дәстүрлі ән**

3. Хореография (жеке биші, ансамбль)

4. Көркем сөз (қазақ немесе орыс тілінде)

Жас категориялары:

- **балдырғандар тобы** (3-6 жас)
- **кіші топ** (7-10 жас)
- **орта топ** (11-13 жас)
- **үлкен топ** (14 – 18 жас)
- **жоғары топ** (19-25 жас (25 жасты қоса алғанда)).

Қатысушылардың жасы конкурс өткізіліп отырған уақытпен есептелетінін ескерулеріңізді сұраймыз.

ФЕСТИВАЛЬ-КОНКУРСҚА ҚАТЫНАСУ ШАРТТАРЫ

Фестиваль-конкурс мемлекеттік тілде өтеді және барлық дипломдар мен алғыс хаттар мемлекеттік тілде жазылады. **Әр орындаушы немесе ансамбль еркін тақырыпта 1 шығармадан өнер көрсетеді.** Қатысушылардың репертуарында кез-келген оркестр, аспапты ансамбль немесе өз сүйемелдеуінде, кез-келген тілде вокалды-аспаптық, вокалды-хореографиялық композициялар бола алады. Аранжировка кәсіби студияда кәсіби музыканттармен жасалуы тиіс. Фонограмма (-) флешкада, мини дискіде немесе компакт дискіде (CD) жоғары сапада жазылуы және орындаушының аты-жөні/ансамбльдің аты, шығарманың аты көрсетілуі тиіс. **Конкурста плюстік фонограмма қолдануға тыйым салынады! Алдыңғы сайысқа қатысқан өнерпаздар бұл сайысқа жана репертуар дайындауы қажет.** Фестиваль-конкурсқа қатысушылардың реттік нөмірлерін фестиваль-конкурстың ұйымдастыру комитеті өтініштердің қабылдану реті бойынша белгілейді.

1. **Домбыра** – 1 күй немесе 1 шығарма;
барлық басқа аспаптар – 1 шығарма.
2. **Вокал (эстрадалық, академиялық, дәстүрлі ән)** – 1 ән.
3. **Хореография** – ұзақтығы 4 минуттан аспайтын 1 би.
4. **Көркем сөз** – поэзиядан 1 үзінді.

Сайыскерлер жол, орналасу (жатын орын) және тағамдану шығындарын өздері көтереді. Кез келген сайыскер, сүйемелдеуші немесе қандай да бір себеппен сахнаға шығатын кез келген адам **САХНАЛЫҚ КИІМ** киюі шарт. Спорттық үлгідегі киімде, джинсы, футболка немесе өзге сахналық киімге жатпайтын киіммен сахнаға шығуға **қатаң тыйым салынады.**



Ұйымдастыру алқасы сайыс кезінде оғаш мінез, дөрекілік танытқан қатысушыларды сайысқа қатыстырмауға, нәтижесін жоққа шығаруға құқылы.

ОРНАЛАСУ және ТРАНСФЕР: Сайыскерлер жол, орналасу (жатын орын) және тағамдану шығындарын өздері көтереді. Ұйымдастыру комитеті сайыскерлерге ақылы негізде Кіші өнер академиясының жатаханасында орналасуды ұйымдастыра алады. **Трансфер** – адам басына 2000 теңге (1 рет қана төленеді, трансфер ақысына сайыскерлерді вокзалдан/әуежайдан күтіп алып қонақ үйге/жатаханаға жеткізу, қонақ үйден концерт залына жеткізу, экскурсия және вокзалға/әуежайға шығарып салу кіреді). **Ескерту:** жатахананың және трансфердің қажет немесе қажет еместігін өтініште көрсету керек. Ұйымдастыру комитеті жоғарыда аталғандардан басқа сайыскерлердің жеке шаруаларына байланысты қалада жүріп-тұруына жауапты емес.

МІНДЕТТІ ТАЛАП: Сайыскерлердің конкурс кезіндегі қауіпсіздігі үшін қатысушылар әрдайым ересек адамның бақылауында болуы қажет (жетекшісі және/немесе ата-анасы). Кәмелетке толмаған балалардың ересек адамның карауынсыз конкурсқа қатысуына тыйым салынады. Әрбір жетекші немесе ата-ана конкурсқа қатынасуға алып келген әрбір сайыскерге (әрбір ұжым мүшесіне) толықтай жауапты.

Фестиваль-конкурсқа қатынасу үшін келесі құжаттарды zhadyrazhasdaryn@mail.ru электрондық мекенжайына жіберулеріңізді сұраймыз:

1. **Толықтай толтырылған өтініш (№1 Қосымша осы ереженің ажыратылмас бөлігі).**
2. **Сайыскерлердің туу туралы куәлігінің (немесе жеке басын куәландыратын құжаттың) көшірмесі.**

ЕСКЕРТУ, МІНДЕТТІ ТҮРДЕ:

- өтініштер **WORD (WORD) форматта және тек қана біздің формада** толтырылуы керек;
- өтінішпен бірге **куәлік/тер** жолдануы керек;
- ансамбльдің **құрамы толықтай** жазылуы керек (құрамында 10 адам болса, 10 адамның тізімі);

Жоғарыдағы талаптар орындалмаған жағдайда өтініштер қабылданбайды. Өтініште берілген мәліметтер толық және нақты деп қабылданады және өзгертулер наурыздың 20-на дейін енгізіледі. Дипломдар мен алғыс хаттардың өтініште берілген мәліметке сәйкес толтырылатындығын ескерулеріңізді сұраймыз.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАРНАСЫ:

1. Жеке орындаушылар үшін – 10000 теңге
2. Дуэт, триолар үшін – 18000 теңге
3. Ансамбльдер үшін (мүшелерінің саны 4-10) – 25000 теңге (**Ескерту: ансамбль құрамындағы орындаушылардың саны 10-нан асқан жағдайда әрбір сайыскер үшін қосымша 2000 теңге төленеді**)

Сайыс барысында қазылар алқасы **шеберлік сыныбын** өткізіп, қатынасқан оқытушыларға **сертификат** беріледі. **Сертификат құны – 5000 теңге.** Шеберлік сыныпқа алдын ала тіркеліп, сертификат құны төленуі тиіс.

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАР

(жас категориялары және номинациялар бойынша)

Гран при

1 – 3 орындар – лауреат

4 – 5 орындар – дипломант

Өзге сайыскерлердің барлығы өнер сайысына ат салысқаны үшін «**Алғыс хатпен**» марапатталады. **Жүлдегер дайындаған** жетекшілер мен жүлдегерді сүйемелдеген концертмейстерлер «**Дипломмен**» марапатталады. Оқушылары/студенттері жүлделі орын алмаған жетекшілерге, олардың концертмейстерлеріне диплом берілмейді. Сайысқа 15-тен астам жеке қатысушы жіберген ұжым басшысы «**Алғыс хатпен**» марапатталады.

ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

Сайыскерлердің өнерін кәсіби әділ қазылар жабық дауыс беру түрінде бағалайды. Әділ қазылар алқасы мәдениет және білім саласының білікті мамандары. Қазылар алқасының шешімі хаттамаға толтырылады және қабылданған шешімге өзгеріс енгізілмейді. Қазылар алқасы жас категориялары және/немесе номинациялар/аспаптар бойынша қатысушылардың саны жеткіліксіз болса жас категорияларын және/немесе номинацияларды/аспаптарды біріктіруге құқылы. Қазылар алқасы қатысушылардың орындау шеберлігі тиісті талаптарға сай болмаса жүлделі орындарды бермеуге құқылы. Фестиваль-конкурс аяқталғаннан кейін ұйымдастырылатын «дөңгелек үстелге» барлық жетекшілер қатысуға міндетті. Дөңгелек үстелге қатынаспаған жетекшілердің (ата-аналардың) сұрақтарына қорытындыдан кейін немесе басқа уақытта жауап берілмейді.

Фестиваль-конкурсқа қатынасу үшін өтініш жіберу – сайыскердің осы ережеде көрсетілген талаптарды оқып, түсінгендігін, қарсылығы жоқ екендігін білдіреді.

Ұйымдастырушы туралы мәлімет:
«ЖАДЫРА, ЖАС ДАРЫН!» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
Қоғамдық қордың директоры: Қабиева С.Ж.



+7 7023531464, +77024879148, +77782484110
(қазақша), +77011169443 (орысша)



zhadyrazhasdaryn@mail.ru



[zhadyra_zhas_daryn](https://www.instagram.com/zhadyra_zhas_daryn)